



тарих пәні мұғалімі: Мухамбедиярова Алтынгүль Жолымбетовна

Сәйкестендіру

1	ГДР-дегі көтеріліс	1	1968 ж
2	Венгр көтерілісі	2	1970-1980 жж
3	Прага көктемi қозғалысы	3	1953 ж
4	Дүние жүзілік экономикалық дағдарыс	4	1956 ж
5	Польшада президент сайлауы	5	1990 ж
6	Чехославакиядағы ұлттық қақтығыстар	6	1996 ж

Өзінді тексер

1	ГДР-дегі көтеріліс	1	1953 ж
2	Венгр көтерілісі	2	1956 ж
3	Прага көктемі қозғалысы	3	1968 ж
4	Дүние жүзілік экономикалық дағдарыс	4	1970-1980 жж
5	Польшада президент сайлауы	5	1996 ж
6	Чехославакиядағы ұлттық қақтығыстар	6	1990 ж

1- 3

2-4


3-1

4-2

5-6

6-5

Сөзжұмбақ “Тұлғалар”



1. Жылымық саясатын жүргізген КОКП басшысы.
2. 1964ж КОКП-ның бас хатшысы.
3. Жеке басына табыну саясатын жүргізген мемлекет басшысы.
4. Қайта құру реформасын жасаған КОКП ОК бас хатшысы
5. 1982-1984 жылдардағы КСРО басшысы.



Кенес Одағы.

Ресей Федерациясы.

Ой толғаныс

- Соғыстан кейінгі кеңес одағы

1-топ

- 60 ж. Кеңес одағы

2-топ

- ТМД-ның құрылуы

3-топ

Ұлы Отан соғысы. 1941-1945 жж.



Кеңес Одағының экономикасы соғыстан әлсіреп шықты. 25 млн-ға жуық адамнан айырылды.

Картадан көрсету

Оңтүстік Сахалин және Курил аралдары Шығыс Пруссия жері қосылды.

Пруссияның орталығы Кенигсберг Калининград болып өзгертілді.

1944 ж қазан айында Тува Республикасы КСРО құрамына қабылданып, Ресей Федерациясының автономиялық облысы деп мойындалды.



1952 жылдың қазан айында партияның ХІХ съезді болып өтті. Ол Бүкілодақтық Коммунистік Партияның атын *Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы* деп өзгертті. Съезден кейін күтпеген жағдайлар ашылды. Сталиннің ұсынысы бойынша санаулы адамдардан тұратын, шағын *Президиум Бюросы* құрылуға тиісті болатын. Бірақ бұл ұйымда Сталинге жақын Молотов пен Микоянның жоқ екені анықталды. Сталиннің қалауы бойынша Жарғыдан тыс бес адамнан құралған (Сталин, Маленков, Берия, Булганин, Хрущев) Бюро ұйымдастырмақшы болды.

1953 жылы 5-наурызда Сталин қайтыс болды.



1953 жылы қыркүйекте Кеңес Одағы Коммунистік Партиясының Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып Н. С. Хрущев сайланды. Баспасөз беттерінде **жеке басқа табынудың** зияндылығы жөніндегі мақалалар жариялана бастады.



Басқа саяси басшыларға қарағанда Н. С. Хрущев шаруалардың мұқтажы мен тілегін білетіндердің қатарында болды. Ауыл шаруашылығының маңызды мәселелерін шешу үшін, дәнді дақылдар өнімін арттыру үшін елде тың және тыңайған жерді игеру басталды.



1950 жылдардың екінші жартысы мен 1960 жылдардың басында ғарыш кеңістігін игеру, атом қуатын бейбіт мақсатта қолдану ісі қолға алына бастады. Бүкіл дүние жүзін сілкіндірген жаңалық – 1961 жылғы 12 сәуірде кеңес азаматы Юрий Алексеевич Гагариннің ғарышқа тұңғыш рет ұшуы болды. Бұл Кеңес ғылымы мен техникасының жарқын жеңісі деп қабылданды.



1964 жылы 14 қазанда партия пленумы Хрущевті елдегі ұжымдық басқарудың принциптерін бұзғаны үшін қызметтен босатты. Кеңес Одағы Коммунистік Партиясының Орталық Комитетінің Бас хатшылығына Л. И. Брежнев сайланды.



1979 жылы желтоқсан айында Ауғанстанға кеңес әскерлерін енгізу Кеңес Одағының дүние жүзі алдындағы беделін түсірді.



Л. И. Брежнев 1982 жылы қайтыс болып,
Ю. В. Андропов басшылыққа келді. 1984 жылы ол да
дүние салды

Елдің және партияның басшылығы Л. Брежневтің
жақын досы **К. Черненкоға** тиді. 1985 жылы наурызда
К. Черненконың қазасынан кейін Кенес Одағы
Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бас
хатшысы болып **М. С. Горбачев** сайланды.



Б. Н. Ельцин



Л. Кравчук



С. Шушкевич

1991 жылы 8 желтоқсанда Ресей, Украина, Белоруссия басшылары Беловеж келісіміне қол қойып, Кеңес Одағының таратылғанын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылғанын мәлімдеді. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрамына бұрынғы Кеңес Одағының құрамындағы елдердің кіруіне есік ашық деп жарияланды.



1991 жылы 18 тамыз айында Фороста (Қырымда) демалып жатқан М. С. Горбачевке жоғары лауазымды мемлекеттік, әскери және партиялық құрылым басшылары келіп, барлық Кеңес Одағының Республикаларының аумағында төтенше жағдай енгізуді талап етті. Мәскеуде Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет құрылып, кеңес халқына арнайы манифест жарияланды.

Бұл манифестте кеңес адамдарының жағдайын жақсарту, жеке меншіктің дамуына мүмкіншілік туғызу, ауылдағы әрбір отбасына 0,65 га жер бөлу, бағаны төмендету, жалақыны өсіру, барлық азаматтарды үй-жай, пәтермен қамтамасыз ету жөнінде уәделер берілді.

19 тамыз күні таңертең Б. Ельцин Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитетінің әрекетін мемлекеттік төңкеріс деп бағалап, еңбекшілерді – жаппай ереуілге, ал әскерлерді Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитетінің бұйрығын орындамауға шақырды. Сол күні кешке Ресейдің “Ақ үйі” жанында мыңдаған адамдар жиналды, оның көпшілігі жастар болатын.


21 тамыз күні төңкерісті ұйымдастырушылар тұтқындалды. Заңдылық қалпына келтірілді.



1999 жылы Ресей Федерациясының
Президенті болып В. В. Путин тағайындалды.



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің құрылуына және қалыптасуына Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қосқан үлесі зор.




1996 жылғы 29 наурызда Мәскеуде – Белоруссия, Қырғызстан, Қазақстан, Ресей Федерациясы арасында “Экономикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты тереңдету” туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісімді жүзеге асыру үшін “Мемлекетаралық экономикалық комитет” атты атқару ұйымы құрылды.

Оқулықпен жұмыс

1-топ «Тұлғалар туралы не білеміз?»- Оқулық мәтіні бойынша саралау


2-топ «Ел өміріндегі елеулі оқиғалар» тізбегін жасау

3-топ «Жылнамалар жинағы» елеулі оқиғаларды жазу



ОЖСБ-ны ұмытпа.

Тест тапсырмалары:



1. Тоталитарлық коммунистік режимге тән белгі.

- А) Рыноктік қатынас
- Ә) Көппікірлік
- Б) Жоспарлы шаруашылық

2. Ресей үшін «Ливон» соғысының негізгі міндеті

- А) Украинаны Польшадан азат ету.
- Ә) Каспий теңізінде ықпалын күшейту.
- Б) Ресейдің Балтық теңізіне шығуы.

3. 1853-1856 жылдары Ресей мен Осман арасындағы Қырым соғысындағы ең қатты шайқас болған қала?

- А) Симферополь
- Ә) Одесса
- Б) Севастополь

4. КСРО-да халық шаруашылығын дамытудың жеті жылдық бағдарламасын жүзеге асырған жыл.

- А) 1960 - 1967 жж
- Ә) 1954 - 1960 жж
- Б) 1961 - 1967 жж

5. Л.И.Брежнев КОКП ОК бас хатшысы болған жылдар?

- А) 1966 - 1982 жж
- Ә) 1982 - 1984 жж
- Б) 1985 - 1991 жж

6. Киев Русі қай жылы христиан дінін қабылдады?

- а) 1086 ж
- ә) 988 ж
- б) 1008ж

7. Рыцарь атану үшін үміткердің несі болуы керек?

- а) аты
- ә) қару - жарағы
- б) жер үлесі

8. Әскери іспен айналысқан феодалдар қалай аталды?

- а) виконт
- ә) рыцарь
- б) граф

9. Францияда басыбайлы шаруалар қалай аталды?

- а) сервтер
- ә) виконттар
- б) вилландар

10. Жеке басы ерікті шаруалар Англияда қалай аталды?

- а) сервтер
- ә) виконттар
- б) вилландар



1. Б

2. Б

3. Б

4. Ә

5. А

6. Ә.

7. Б

8. Ә

9. А

10. Б.

Қайталау сұрақтары.

1. Желтоқсан оқиғасы КСРОның беделіне қандай нұқсан келтірді?
2. КСРО-ның ыдырауынан кейін ТМД елдерінің алдында қандай міндеттер тұрды?



Үйге тапсырма:

§31. Кеңес Одағы. Ресей Федерациясы.

Осы тақырып бойынша тест тапсырмасын дайындау.

Бағалау

	Аты- жөні	Сәйкестендіру	Сөзжұмбақ	Топтық жұмыс	Тест	Барлығы
		6	5	5	10	$26-20=5$
						$19-14=4$ $13-5=3$